

- [Мәтін](#)
- [Ақпарат](#)
- [Өзгерістер тарихы](#)
- [Сілтемелер](#)

[Құжаттан сілтемелер](#)[Құжатқа сілтемелер](#)

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17948 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу [қағидаларында](#):

[2-тармақтың](#) 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) құжаттың электронды көшірмесі – түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толық күйге келтіретін құжат";

[13-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.";

[20-тармақтың](#) 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма.

Көрсетілетін қызметті берушіні таңдау кезінде өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырмаға:

– "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 [қаулысына](#) сәйкес келетін тағамдардың атауын, тағам порциясының граммен, тағам ингредиенттерімен (граммен) массасын, бағалар мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорына, статистика жүргізу жөніндегі уәкілетті органның мәліметтеріне сәйкес бірлік үшін орташа баға ескеріле отырып тағамдар мен өнімдердің бағасын көрсете отырып, білім беру органы бекіткен перспективалық тарату-мәзірі;

– бағалар мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорына, статистика жүргізу жөніндегі уәкілетті

органның мәліметтеріне сәйкес бірлік үшін орташа баға ескеріле отырып тағамдар мен өнімдердің бағасын көрсете отырып, тапсырыс беруші бекіткен тағамдардың, буфет өнімдерінің, оның ішінде шырындардың, сусындардың және басқаларының ассортименттік тізбесі;

– тағамдардың технологиялық карталары қоса беріледі.";

21-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы білім беру ұйымы болып табылған жағдайда, конкурс лоттарға бөлінбей өткізіледі (1 білім беру ұйымы – 1 өнім беруші).";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб-порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы орналастырады.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы хабарландыру орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күнінің мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру мәтіні мен бекітілген конкурстық құжаттама мәтіні орналастырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.";

43-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Қызмет берушіні таңдау кезінде техникалық тапсырмаға өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға конкурсты ұйымдастырушының перспективалық тарату-мәзірі, тағамдардың, буфет өнімдерінің ассортименттік тізбесі, тағамдардың технологиялық карталары қоса беріледі. ";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға шағым жасаған кезде, конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтата тұрады.";

69-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын

"Өнім беруші шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартқан, өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған, шарт жасасудан бас тартқан немесе алдыңғы конкурста кезектілік тәртібімен екінші, үшінші, төртінші және тағы басқа орын алған әлеуетті өнім беруші болмаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тапсырыс беруші тамақтандыруды ұйымдастыру немесе біліктілік талаптарына сәйкес келетін және білім беру ұйымдарында кемінде 2 жыл қызмет көрсету, тауар жеткізу бойынша тәжірибесі бар тауарларды жеткізу жөнінде қызметтер көрсететін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.";

80-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталында көрсетілетін қызметтерге (1 білім алушыға арналған тамақтану) және (немесе) тауарларға орташа баға шегінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа конкурстық рәсімдер өткізілместен өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Көрсетілетін қызметті жеткізуші жалға алу шартын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы аумақтық органдарға объектінің қызметіне рұқсат беру құжаттарын алу үшін өтініш жібереді және білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге дейін "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Деңсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 тіркелген) 290-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алады.";

мынадай мазмұндағы 107-1-тармақпен толықтырсын:

"107-1. Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.";

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"108. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың білім беру жүйесімен интеграцияланған ақпараттық платформаға не білім беру жүйесіне бақылау - кассалық құрылғылардан деректерді тіркеу және беру функциясы бар мектеп асханасына баруын есепке алу жүзеге асырылады.

Платформада (жүйеде) күн сайын бағасы көрсетілген мәзір, тағамдар фотосуреті орналастырылады, мектеп асханасында білім алушылардың тамақтануы туралы ата-аналарды автоматты түрде хабардар ету, білім алушылар мен олардың ата-аналарының қызметтер сапасын, ас мәзірінің сәйкестігін бағалау жөніндегі функционал көзделеді.";

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.";

136-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"136. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб-порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы орналастырады.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы хабарландыру орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынуының соңғы күнінің мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.";

175-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"175. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға

шағым жасаған кезде, конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтата тұрады.";

[188-тармақ](#) мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталындағы тауарлардың орташа бағасы шегінде жүзеге асырылады.

Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық рәсімдер өткізілмей енгізіледі.";

[213-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"213. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.";

[226-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"226. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб-порталда осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы орналастырады.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы хабарландыру орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынуының соңғы күнінің мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.";

[265-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"265. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға шағым жасаған кезде, конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтата тұрады.";

[278-тармақ](#) мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталындағы тауарлардың орташа бағасы шегінде жүзеге асырылады.

Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық рәсімдер өткізілмей енгізіледі.";

[303-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"303. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.";

[316-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"316. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб-порталда осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы орналастырады.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы хабарландыру орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынуының соңғы күнінің мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.";

[355-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"355. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға шағым жасаған кезде, конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтата тұрады.";

[368-тармақ](#) мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталындағы тауарлардың орташа бағасы шегінде жүзеге асырылады.

Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық рәсімдер өткізілмей енгізіледі";

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға [3-қосымша](#) осы бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес жазылсын.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға [6-қосымша](#) осы бұйрыққа [2-қосымшаға](#) сәйкес жазылсын.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға [7-қосымша](#) осы бұйрыққа [3-қосымшаға](#) сәйкес жазылсын.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге

байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға [8-қосымша](#) осы бұйрыққа [4-қосымшаға](#) сәйкес жазылсын.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына [3-қосымша](#) осы бұйрыққа [5-қосымшаға](#) сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі*

А. Аймағамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы вице-министрі
_____ Т.М. Савельева
2022 жылғы " " _____

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі
_____ А.С. Есмағамбетова
2022 жылғы " " _____

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика вице-министрі
_____ Б.Б. Омарбеков
2022 жылғы " " _____

бұйрығына 1-қосымша
Мемлекеттік орта білім беру

ұйымдарында, мектептен тыс
 қосымша білім беру
 ұйымдарында
 білім алушыларды
 тамақтандыруды ұйымдастыру
 бойынша қызметті немесе
 тауарларды жеткізушіні,
 сондай-ақ мемлекеттік
 мектепке
 дейінгі ұйымдарда, жетім
 балалар мен ата-анасының
 қамқорлығынсыз қалған
 балаларға арналған білім беру
 ұйымдарында, техникалық
 және кәсіптік, орта білімнен
 кейінгі білім беру
 ұйымдарында
 тәрбиеленетін және білім
 алатын
 балаларды тамақтандыруды
 қамтамасыз етуге байланысты
 тауарларды жеткізушіні
 таңдау жөніндегі үлгілік
 конкурстық құжаттамаға
 3-қосымша

Жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Сатып алу нөмірі:	
Конкурстың атауы:	
Лот №	
Лоттың атауы ҚҚС есебінсіз лот бойынша жалпы сома теңгемен (соманы көрсету)	Жүктеу

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет. Осы техникалық тапсырмада

(білім беру ұйымының атауын көрсету)

білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сәйкес келуі тиіс сапалық және сандық сипаттамалар жазылады. Жүктеу

Барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар

оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамақтану құны (теңгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	
Мектеп жанындағы лагерь	
Мектеп жанындағы лагерьдегі балалар саны	
оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамақтану құны (теңгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	Жүктеу

_____ (білім беру ұйымының атауын көрсету)
балалардың тамақтануын ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттары мен міндеттері оқушыларды тамақтық заттар мен энергияға жас ерекшеліктеріне сәйкес теңгерімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру _____ (білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастырылатын орынды көрсету, асхана және (немесе) буфет) жүзеге асырылады.

Қызметті жеткізуші ас блогының және оның персоналының жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясының, азық-түлік салудың, порциялардың шығу нормаларының сақталуын, білім алушыларға азық-түлік пен тағамдардың босатылуын және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау және өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметті жеткізуші ас блогында, өндірістік және қойма үй-жайларында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қала мектептерінде қызметті жеткізуші Шарт заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде ас әзірлейтін асхананың ас блогында бейнебақылау жүйесін орнатады және Тапсырыс берушіге объектіде орнатылған бейнебақылау жүйесімен бөлінген бейне сигнал (бейнекамералар) көзі бар нақты уақыт режимінде тағамдарды дайындау процесінің бейне ағындарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бейнебақылау жүйесі арқылы түсірілген материалдар білім беру ұйымында келесі 10 жұмыс күні ішінде сақталады. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық жеткізушінің меншігінде қалады.

Қызметті жеткізуші салық заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес асханада төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

Қала мектептерінде қызметті жеткізуші Шарт заңды күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде арнайы жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымды орната отырып, білім алушылармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізеді. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық қызметті жеткізушінің меншігінде қалады.

Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде білім беру жүйесімен интеграцияланған ақпараттық платформа арқылы не білім беру жүйесі арқылы білім алушылардың асханаға баруын есепке алу және фискализациялау жүзеге асырылады.

Платформада (жүйеде) күн сайын бағасы көрсетілген мәзір, ас фотосуреті орналастырылады, мектеп асханасында білім алушылардың тамақтануы туралы ата-аналарды автоматты түрде хабардар ету, білім алушылар мен олардың ата-аналарының қызметтер сапасын, ас мәзірінің сәйкестігін бағалау жөніндегі функционал көзделеді.

Өнім беруші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес білім беру ұйымының тағамдар мен аспаздық өнімдердің (бракераж) сапасын органолептикалық бағалау журналын жүргізуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға байланысты мәліметтерді күн сайын немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша білім беру ұйымының сайтында орналастыру үшін (тағамның суреті бар ас мәзірі, атауы, бағасы) ұсынады.

Өнім беруші тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар (бракераждық), тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар мүшелерінің ас блогына кіруін қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық қасиеттері, дайындау технологиялары мен шарттары балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.

Мектептегі тамақтанудың базалық ұйымынан _____ (білім беру ұйымының атауын көрсету) асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды жеткізу

жағдайында тиісті температураның сақталуын қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) пайдаланылады.

Оқу процесі кезеңінде білім алушыларға ыстық тамақ: бірінші ауысым үшін _____, _____, _____ (уақыты мен үзілісті көрсету), екінші ауысым үшін _____, _____, _____ (уақыты мен үзілісті көрсету). Жазғы мектеп жанындағы лагерь қызметі кезінде _____, _____, _____, _____ (тамақтану уақыты мен атауын көрсету).

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтану кестесі білім беру ұйымының басшысы _____ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бекіткен белгіленген тамақтану режиміне сәйкес белгіленеді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін буфет өнімдерін сатуға жағдай жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін өткізу _____ сағатта жүзеге асырылады (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты көрсетіледі).

Өнім беруші ай сайын _____ (орта білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) мынадай мәліметтер ұсынады:

-білім алушылар үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы;

-конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамының сәйкестігі туралы.

Өнім беруші міндетті түрде шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бекітеді.

Нақты тамақтану рационы перспективалық мәзірге сәйкес келуі тиіс. Бір азық-түлікті, тағамдарды және аспаздық өнімдерді басқасына ауыстыру халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ерекше жағдайларда жол беріледі.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін (оқушылардың санаттарын көрсету) жеңіл (диеталық) тамақтану ұйымдастырылады.

Қызметті жеткізуші дайын тағамдарды дайындау технологиясын сақтау және калориялығына сәйкес болу үшін ас блоктарында тағам дайындаудың бірыңғай картотекасының (технологиялық карталар) болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас блогында тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

